

2024 жылдың 11 сәуір күні химия пәнінің мұғалімі педагог-модератор А.Бектұрғанқызы цифрлық ресурстар арқылы оқушылардың оқу белсенділіктерін қалай арттыруға болады? зерттеу сұрағы бойынша 8 «Ә» сыныбына зерттеу сабағының II циклінің 2 сабағын өткізді.

Сабақтың тақырыбы: Негіздер.

Оқу мақсаты: 8.3.4.9 – негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке, саралау жұмыстары жүргізілді. «Кел, есеп шығарайық», «Ойлан, тап», «кім жылдам» әдіс –тәсілдері қолданылды. Оқушыларға зертханалық жұмыс көрсетіліп, оқушылар негіздердің физикалық және химиялық қасиеттерін көрсететін және сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырып, қорытындыны кестеге түсіріп, сәйкестендіру, есептер шығару тапсырмаларын орындады. Сонымен қатар бекіту срақтарына арналған pliskers.com білім ресурсы, кері байланыс үшін Jamboard тақтасы қолданылды. Сабақ соңында оқушылар формативті бағалаумен бағаланып, үйге тапсырма берілді.

